

Исаковка ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 10 тамыздағы № 1 "Исаковка селосының, Костомаровка селосының, Ұялы селосының, көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Исаковка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 3 мамырдағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 маусымда № 5974 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Исаковка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Исаковка ауылдық округі әкімінің "Исаковка селосының, Костомаровка селосының, Ұялы селосының, көшелеріне атаулар беру туралы" 2009 жылғы 10 тамыздағы № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-14-112 болып тіркелген, "Бірлік-Единство" газетінде 2009 жылдың 22 қыркүйегінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Исаковка ауылы, Костомаровка ауылы, Ұялы ауылы халқының пікірін ескере отырып, Исаковка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селосы" сөздері "ауылының", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Исаковка ауылдық
округінің әкімі

Қ.Сағындықова

"КЕЛІСІЛДІ"

Зеренді ауданының
"Мәдениет және тілдерді

А.Балтағарин

дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

2017 ЖЫЛҒЫ "03" 05

Зеренді ауданының
"Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

Е.Шәкіржанов

2017 ЖЫЛҒЫ "03" 05

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК